

**Жайлыбекова Ә.Б., т.ғ.к., Маликтаева П.М.**

*Таразский инновационно-гуманитарный университет, Казахстан*

## **ЖЕМІС ЖӘНЕ ЖИДЕК ШЫРЫНДАРЫНЫҢ САПАСЫН ТАЛДАУ**

Жеміс және жидек шырындары стандарттар талаптарына сәйкес жеміс–көкөніс саласының кәсіпорындарына арналған санитарлық ережелер мен нормалар сақталып ҚР СТ 1081 сәйкес бекітілген технологиялық нұсқаулықтар мен рецептуралар бойынша өндірілуі керек.

Нақты атаулы жеміс және жидек шырыны жемістің, жидектің (жемістің қоспасына, жидектің қоспасына) дайындалған сәйкес түріне тән түрі, иісі және дәмі болуы керек, басқа иіс және дәм болмауы керек. Органолептикалық көрсеткіштерді және таза салмақты анықтау МЕМСТ 8756-1 бойынша анықталады.

Шырын сапасының нақты органолептикалық (дәмі, иісі түрі консистенциясы) және физика - химиялық көрсеткіштері, сондай-ақ МЕМСТ 4.458 қарастырылған (қанттың, ерігіш құрғақ заттардың, титрлік қышқылдың, хлоридтердің, дәрумендердің салмақтық үлесі, энергетикалық құндылығы және басқа көрсеткіштері) шырындарға арналған технологиялық нұсқаулармен белгіленуі қажет.

Бұл нұсқаулық көрсеткіштер төменде 1,2,3 кестелерде көрсетілген.

Кесте 1. Тура сығылып алынған шырындардың органолептикалық көрсеткіштері

Көрсеткіш атауы	Сипаттамасы
Шырындардың сыртқы түрі және консистенциясы: Түссіздендірілген	Мөлдір сұйықтық - жеңіл опалесценция; - жүзім шырыны үшін–жеңіл опалесценция және шарап тасының біркелкі кристаллдарының болуы рұқсат етіледі

1	2
Түссіздендірілмеген	Табиғи мөлдір емес сұйықтық (мөлдірлік қажет емес). Ыдыс түбінде қалдықтың және шырынның бетінде майлы дөнгелектердің болуы рұқсат етіледі
Жұмсағымен	Шырында жемістер жұмсағының бірдей бөлігін бірқалыпты ақпалы сұйықтығы; қара түсті қабықты бірлі–жарым нүктелі дақтар (қара түсті жемістер шырындары үшін); аздап қабатталған және ыдыстың түбінде жұмсақ бөлігінің кішкене тұнбасы, шие және алхоры шырындарында–тұнбаның түсуі
Дәмі мен иісі: Түссіздендірілген Түссіздендірілмеген Жұсағымен	Жылы өңдеуден өткен қолданылған жемістерге сай табиғи, жақсы айқындалған. Бөтен иіс пен дәм рұқсат етілмейді. Табиғи, жақсы айқындалған, қолданылған жемістерге сай.
Түсі: Түссіздендірілген Түссіздендірілмеген Жұсағымен	Салмағы бірқалыпты, шырын дайындалған жемістер мен жидектердің түсіне тән. Ақшыл түсті жемістер мен жидектердің шырындарында қара түстердің болуы және қара түсті жемістердің шырындарының аздап түссізденуі

Кесте 2. Қалпына келтірілген шырындардың органолептикалық көрсеткіштері

Көрсеткіш атауы	Сипаттамасы
Шырындардың сыртқы түрі және консистенциясы: Түссіздендірілген Түссіздендірілмеген	Мөлдір сұйықтық. Жүзім шырынында шарап тасының біркелкі кристаллдары болмауы керек. Табиғи мөлдір емес сұйықтық. Ыдыс түбінде қалдық болуы рұқсат етіледі. Цитрусты жемістердің шырындарында (қабығы мен тұқым орындарын қоспағанда) жұмсағының бөліктерінің болуы рұқсат етіледі

1	2
Жұмсағымен	Жемістер жұмсағының бірқалыпты ақпалы сұйықтығы. Ыдыстың түбінде аздап тұнбаның және ыздап қабаттанудың болуы рұқсат етіледі.
Дәмі мен иісі: Түссіздендірілген Түссіздендірілмеген Жұсағымен	Сәйкес қойылтылған жемістерге сай жақсы айқындалған. Бөтен иіс пен дәм рұқсат етілмейді. Жабайы жемістерден жасалған шырындарда-табиғи ащы дәм; цитрусты жемістердің шырындарында-табиғи ащы дәм және эфир майларының жеңіл дәмі рұқсат етіледі; табиғи ұшқыш иіс беретін жемісті заттардың қосылмаған қойылтылған шырындардың анық емес дәмі және иісі рұқсат етіледі. Бөтен иіс пен рұқсат етілмейді.
Түсі: Түссіздендірілген Түссіздендірілмеген Жұсағымен	Өн бойына бірқалыпты, қалпына келтірілген шырындардан дайындалған тура сығылып алынған бір атаулы жеміс шырындарының түріне тән. Ақшыл түсті жемістер мен жидектердің шырындарының аздап түссізденуі рұқсат етіледі.

Кесте 3. Жеміс және жидек шырындарының физика – химиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштер атауы	Сұрыптық белгісі		
	Маркалық	Жоғары	Бірінші
1	2	3	4
Тұнбаның салмақтық үлесі, %, артық емес: Жүзім шырындары	Рұқсат етілмейді	0,1	0,4
Түссіздендірілген, жүзім шырынынан басқа	Рұқсат етілмейді	0,1	0,2

1	2	3	4
Түссіздендірілмеген шырындар	Рұқсат етілмейді	0,4	0,9
Қойылтылған шырындар: -түссіздендірілген; -түссіздендірілмеген;	Рұқсат етілмейді	0,5 -	- 1,0
Этанолдың салмақтық үлесі,%, артық емес	0,2	0,3	0,5
Жұмсағы бар шырындарда жеміс жұмсағының салмақтық үлесі	12-40		
Этил спиртінің салмақтық үлесі, %, артық емес	0,1		
Минералды қоспа (күм)	Рұқсат етілмейді		
Өсімдік текті қоспалар	Рұқсат етілмейді		
Минералды және өсімдік текті қоспалардан басқа бөтен қоспалар	Рұқсат етілмейді		
Дәрумендірілген шырындардағы С дәруменінің салмақтық үлесі, %, кем емес	20x10 <sup>3</sup>		
Сорбин қышқылының салмақтық үлесі, %	Рұқсат етілмейді		

Жеміс және жидек шырындарында нитраттардың, пестицидтердің, микотоксиндердің, радионуклидтердің және улы элементтердің мөлшері санитарлық ережелермен нормаларда көрсетілген шектелген дәрежеден аспауы керек.

#### Қолданылған әдебиеттер

1. «Шырындар мен шырын өнімденінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті. ҚР-сы Үкіметінің 2008 жылғы 27 ақпандағы №199 қаулысы 46-50 б.б.

2. Экологиялық таза өнім өндірісінің экономикалық аспектілері // «Саясат» ақпараттық-аналитикалық журнал.-2006 ж.№1(9).53-56 б.б.